ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ТУРИЗМА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 29 » шілде 2019 ж./г.

№ 36 – Ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Басқарманың ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңдарына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің:

1) «Өзіңе сене баста!» мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арналған II-ші конкурс-көрмені ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі № 26-Ө;

2) «Ауылдық елді мекендердің жас кәсіпкерлері» форумын ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі № 25-Ө;

3) «2019 жылы «Байқоңыр Start-up 3» бизнес-идеялар конкурсын ұйымдастыру және өткізудің қызметі бойынша электронды ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы» 2019 жылғы 28 маусымдағы № 22-Ө бұйрықтарына келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықтардың № 1-қосымшаларымен бекітілген конкурстық комиссиялардың құрамдары осы бұйрықтың қосымшаларына сәйкес жаңа құрамда бекітілсін.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөліміне осы бұйрықтан туындайтын шараларды атқару тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізі: Басқарма басшысының 2019 жылғы 24 шілдедегі № 31-Ж бұйрығы.

Басқарма басшысы **Ф. Қожабергенов**

Қызылорда облысының кәсіпкерлік
және туризм басқармасының
2019 жылғы «29» шілдедегі
№ 36 - Ө бұйрығына қосымша

«Өзіңе сене баста!» мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арналған
II-ші конкурс-көрмені ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша
конкурс тәсілімен электронды мемлекеттік сатып алуды
өткізудің конкурстық комиссияның құрамы

Болатбеков Динмухамед Сагатбекович	-	басқарма басшысының орынбасары, конкурстық комиссия төрағасы;
Әбдірахман Мағжан Жомартұлы	-	әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің штаттан тыс қызметкер - әдіскері, конкурстық комиссия хатшысы;

Конкурстық комиссияның мүшелері:

Прназарова Венера Алиқызы	-	әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маман-бас есепшісі;
Сейдалиева Мәуе Оңдалықызы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің басшысы;
Ширинбеков Нұрлан Полатханұлы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің бас маманы;
Жетілгенов Мұхтар Әбдімаратұлы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің бас маманы.